

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАСЫ – КЕЙКІ БАТЫР

Самар А., Сатыбалды М.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Қарсыбаева Ж.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

XX ғасыр адамзат баласының санасында қандай оқиғасымен есте қалды дейтін болсақ, бірінші болып 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі еске түседі. Бұл көтеріліс – тәуелсіздікке жетуге бағытталған алғашқы сәтті қадам еді.

1916 жылы байырғы Тұран даласында ұлтазаттық қозғалысы азаттық революцияға ұласты. Қазақ сахарасындағы ол революция ғасырлар бойы қатпарланған отар елдің мүддесі негізінде өрбіді, ал 1917 жылы Ресейде ақпан революциясы басталған сәтте оның құрамды бөлігіне айналды. 1916 жылдың екінші жартысында отаршылыққа қарсы наразылық қазақ хандығының негізін қайта қалпына келтіруден көрінді. Қазақ даласында хандар сайланды, сардарбек, сарғасбектер тағайындалды, армия құрылды, хан кеңесі, қазылар алқасы, елбектері, қазынашылар, басқаша айтқанда билік жүйесі қалыптасты. Міне, осылай қазақ мемлекетігінің құрамды белгілері қалпына келтірілді. Бұл қазақ халқы Ресейге бодан болғаннан бергі ең ірі қозғалыс еді. Халық қаһарына мініп, өз ерлігін көрсеткен 1916 ж. ұлтазаттық қозғалысының ең шыңы болды [1, 21 б.].

1916 жылғы Торғай даласында болған ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, атақты мерген Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлы туралы деректерге қаншалықты қанықпыз? Мәліметтерге сүйенсек, Кейкі батырдың туғанына 2016 жылы 143 жыл толады. Осы уақыт арасында Кейкі жайлы естелік, аңыз-әңгімелер толастаған емес. Әйтсе де, Кеңес үкіметі тұсында батырдың атын атауға тыйым салынып, кейінгі ұрпақ арасында Кейкі туралы әңгімелер ауыздан-ауызға ғана жетіп отырғаны белгілі. Батырдың бейнесін толық ашып, жұрт білмейтін кейбір қасиеттерін таныту мақсатында соңғы жылдары көптеген еңбектер жазыла бастағаны белгілі.

М.Қ. Қозыбаевтың жазғанындай, 1916 жылғы көтеріліс лидерлерінің қатары өте сирек, революция мен азамат соғысы жылдары баррикаданың арғы жағынан орын алғандары тарихтан шығарылып тасталды (мысалы, Кейкі батыр) [1, 140 б.].

Қазақ даласының еркіндігі мен тәуелсіздігін аңсаған, соның жолында өмірін қиған, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі, Аманкелді Имановтың үзеңгілес сардары, халық арасында "қол мерген" атанған, атышулы батыр Кейкі Көкембайұлы 1873 жылы Торғай уезіне қарасты Қайдауыл болысының Байтума қопасы деген жерінде дүниеге келген. Оның азан шақырып қойған аты-Нұрмағанбет. Ал оның Кейкі аталуының сыры – ол жасынан құс атып, аң аулап, өзен-тоғай аралап, кісіге онша қосылмай, кісі киіктеніп жүретін болған. Содан жеңгелері қайнысын Кейкі деп атайды. Кейін бұл есімі қайта-қайта айтыла берген соң, оған басқалардың да құлағы үйреніп, бабамыздың Нұрмағанбет деген есімі бірте-бірте ұмытыла бастайды.

Кейкі батырдың жастық шағы Батпаққарадағы атақты бай - Шашамбайдың бел баласы - Рахметтің ауылында өтеді. Ол кезде қазақтың басты байлығы - жылқысымен өлшенетін. Ал Рахметтің жер қайысқан көп жылқысы болған. Осыншама жылқыны ит-құсқа жем қылмай, бағып-қағу үшін бақ-дәулет иесіне нағыз атпал азаматтар керек еді. Кейкі жас кезінде Рахметтің жылқысын бағып, талай рет түн жорытып келген барымташылармен де белдесті, талай рет қарымта қайтаруға да қатысты. Бақ-дәулет әкеден балаға дүние-мүлік, ақша-мал арқылы келіп қонса, батырлық пен даналық бабасынан ұрпағына қан арқылы келіп қонатын қасиет. Кейкі батырдың шыққан тегі-Құлан Қыпшақ та тегін тұқым емес.

Құлан Кейкі батыр әке-шешесінен жалғыз емес-ті. Ол алдында арқа сүйейтін ағасы, соңында қолтығынан демейтін інісі бар бес ағайынды болатын. Олар: Омар, Оспан, Қошжан, Кейкі, Шұбар деп аталатын, бір-бірімен қаны да, жаны да бір бауырлар еді. Кейкі батырмен бірге туған бес адамның ішінде қазір Қошаннан ғана ұрпақ қалған. Қалғандары Кейкі батырға "халық жауы" деген қара күйе жағылғанда жаппай қуғындалған. Кейкі Көкембайұлы

- палуан денелі, түсі суық, ашуланғанда екі көзі қып-қызыл от болып жанып кететін, бірбеткей, қайсар адам болған. Қолына құран ұстап, намаз оқыған. Жастайынан садақ, мылтық атып, ат құлағында ойнаған өнері тағы бар. Халық арасында "Аманкелді көз мерген. Кейкі қол мерген еді" деген сөз айтылады. Мұның сыры-Сардар қай нысананы да көздеп атқан және көздегенін ешқашан мүлт жібермеген. Ал, Кейкі болса, кез-келген нысананы атпен шауып, жаяу, жүгіріп келе жатып шапшаң атып түсіре берген. Оның жастайынан мылтық атуға әбден машықтанғаны соншалықты, қандай қимыл үстінде де екі қолы мылтықты нысанаға дәл ұсынатын. Кейкінің атақ даңқын шығарған екінші өнері оның-небір ат ойынын жетік білетіндігі, ат үстінде сойыл, шокпармен шебер шайқасқандығы.

Кейкі Аманкелдімен бірге өсіп, біте қайнасқан. Екеуі де әділдік жолында күресуді балалық жастан мақсат тұтқан. Кейін 1916 жылы Торғайда ұлт-азаттық көтерілісі басталғанда Кейкі Аманкелдіні іздеп барып Әбдіғапар ханның әскерінде мергендер тобын басқарған [2, 647 б.].

Құлан Кейкі батыр ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Торғай қаласына шабуыл, Құмкешу, Күйік, Батпаққара, Доғал соғыстарының бәріне де қатысқан. Академик Манаш Қозыбаев өзінің «Жауға шаптым ту байлап»-деген кітабында: "Ақпанның 13-і күні (1917) Шолақсай керуен жолын торыған Аманкелді, Өмен, Кейкі бастаған 2000 сарбаз Шошқалы қопада подполковник Кисловтың отрядын оқпен қарсы алды, шабуылға шығып айқас салды. Дер кезінде шегініп, әскердің ертеңгі жолын болжап, түнделетіп төте жолмен Күйік қопасына жеткен сарбаздар Тышқан тамының маңайында қаңтардың 14-і күні Кислов отрядын қайтадан қарсы алды. Еркіндікті аңсаған ерлердің беті қайтпай, қарулы қолға қайтадан шығуы таңғажайып емес пе? Күйік қопадағы бұл айқаста атақты Құлан қыпшақ Кейкі батыр ерен ерлік көрсетті. Жау тобына қырғидай тиіп, жазалаушылардың талайын жайратты", - дейді [1, 77 б.].

Мал баққан қыр қазағы болғанымен Кейкі өз заманында болып жатқан тарихи оқиғаларға ойлы көзбен қарап, оған өзіндік әділ бағасын бере білген адам. Ол қазақ елінің басындағы бақытсыздыққа ең басты кінәлі - орыс мемлекеті, оның отарлау саясаты деп ұқты. "Олар әуелі жерімізді алған еді, оған қоса еркімізді алды. Енді бауыр еті-баламызды аламын дейді. Көресің, ертең олар тіліміз бен дінімізге де қол салады" деді. Кейкі өзі қатысқан көтерілістің алдыңғы майдан шебіндегі қара жұмысқа адам бермеу үшін ғана болған наразылық емес екенін, оның ата-бабасынан қалған асыл мұрасы-жерінен, бас бостандығынан айрылған, тілі мен дініне қауіп төнген, ұлтының болашағы- балаларының бір бөлігі оқ пен оттың ортасында құрбан болып, бір бөлігі ауыр қара жұмыстан жарымжан болып, халқының, одан әрі өсіп-өнуіне балта шабылғалы тұрғанын жан дүниесімен сезген халықтың алапат ашу-ызасынан тұтанған ұлт-азаттық көтерілісі екендігін терең түсінді.

Торғай даласында отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресті көрнекті ұйымдастырушылардың бірі, Кейкі Көкембайұлы 1923 жылдың наурыз айында Аманкелді ауданының Жыланшық өзені жықпылындағы Жалаулы деген жайлауда айуандықпен өлтірілген.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ел мен жерін жат-жұрттықтардан қызғыштай қорыған ержүрек ата-бабаларымыздың есімдері халқымен қайта қауышып, ерлік істері ұрпақ жадында қайта жаңғырды.

Есімі мен ерлігі ел аузында аңызға айналған тағдыры күрделі дара тұлға жайында жерлес жазушы Ақан Нұрманов "Құланның ажалы" атты тарихи роман жазды. Көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлы "Кейкі батыр" тарихи дастанын жазса, торғайлық белгілі журналист Ахметхан Байжан "Құлан Кейкі батыр" атты деректі хикаяттар жинағын, Әубәкір Қылышбайұлы "Құлан Қыпшақ Кейкі батырдан соң" кітапшасын жарыққа шығарды.

2010 жылдың мамыр айында Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының алдындағы алаңға батыр бабамыздың екертікші қойылды, қаламыздың бір көшесі Кейкі батырдың есімімен аталады.

Тарих қойнауына назар аударсақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде бүгінгімізді бағамдап, өткенімізге ой жіберіп, елдің, жердің тарихын зерттеуге, зерделеуге бетбұрыс

басталды. Кешегі кеңес заманында тарихи жер аттары сырттан келген ағайынның ықпалымен түгелге жуық өзгертілді. Тарихи тұлғаларымызды жауыз, құбыжық етіп көрсету етек алды. Неше алуан батырлар - барымташыға, берекелі байлар - ақылсыз азғынға, ғұлама діндарларымыз - залым алдаушы дүмшеге айналдырылды. Осы салада билік саналы, жоспарлы жұмыс жүргізді. Сол жасалған қиянат, жағылған күйе, жабылған жала басқаның емес өз қандастарымыздың қолымен жасалды. Осындай барды жоқ етіп көрсетуден көптеген асылдарымыздан айырылды, тарихымызды ұмыттық. Елдің-жердің тарихы зерттелмеді. Шүкір бүгінгі күні елдің өткеніне, бүгініне, болашағына арналған бағдарлама зерттеулер бар. Тарих қойнауына үңілген азаматтар елдің-жердің тарихына, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғаларды зерттеп, жинақтап баспа бетіне шығарып жатыр. Біздің киелі Торғай топырағында халқына адал қызмет атқарған, барша саналы ғұмырын халқымыздың тәуелсіздігі мен бостандығына арнаған, сол жолда құрбан болған азаматтар қаншама. Көбінің аттары аталмай түстері түстелмей, жасаған игілікті істеріне баға берілмей келеді. Көп жағдайда аумалы-төкпелі заманның құрбаны болған кешегі ұлт-азаттық көтеріліс қаһармандары елеусіз қалып келеді. Кейкі батырды тірісінде көп адам түсіне бермеді, қазір де көп жағдайда түсіне бермеуі мүмкін. Сыры ашылмаған жұмбақ адам. Алдымен аруақты діндар, ақын адам. Өмірі ат үстінде салауат айтумен өтті. Елді тәуелсіздікке, бірлікке, бостандыққа шақырды. Ешкімге тәуелді болғысы келмеді. Еркіндікті, ерлікті аңсады. Сондықтан да кісіге, қоғамға тәуелділіктен қашты. Көктегі қыранша, жердегі арланша еркін өмір сүруді қалады. Бірақ... Тағдыры тәлкекке түсіп, қайда барса да өзін жау көрген жазалаушы топтан қашқан есіл ер отанынан пана таппай, жанын шүберекке түйіп өтті. Кімнің дос, кімнің қас екенін ажырата алмай, өмірінде алысумен, арпалысумен үнемі жортуылдар да жүріп, ағайынның теріс үгітінен, сатқындығынан оққа ұшты. Дос дегені дұшпан болды, жолдас дегені жау болды. Бірі қоғамға өмірге аралас десе, бірі кері үгіттеді. Осындай түйіні қиын заманда өмір сүруі, бүгінге дейін жүрген жолы, жасаған қызметі, атқарған ісі халық үшін төккен тері нақты арнаға түспеген, жұмбақ адам. Жек көргендері бас бұзар «банды» десе, еңбегін білетіндер, көзкөрген тұстастары теңдессіз батырлығын тамсана айтады. Тіпті туған жылы мен қайтқан жылы да әртүрлі айтылады. Күн өткен сайын хас батырдың биік тұлғасы айқындалып келеді. Кейкі - рухани батыр. Ел үшін, қазақ үшін құрбан болған азамат. Кешегі кесірлі кеңес заманында Кейкіні аса қатал жау көрген саясат оны шамасы келгенше тарих сахнасынан өшіруді мақсат тұтты. Кім не жазса да «жауыз», «банды», «қанышер» дегеннен аспады. Мамыражай күн кешкен отырықшы қазақтың тыныс-тіршілігін тәлкекке салып елді алатайдай бүлдірген саясат Торғай уезінің тоз-тозын шығарды.

Жүз жылдан соң орындалған арман! Астанаға 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілістің даңқты қолбасшыларының бірі, атақты мерген Кейкі батырдың бас сүйегі ақыры жеткізілді. Торғай даласында патшалық Ресейдің отарлау саясатына, кейін «қызылдарға» қарсы шыққан оны большевиктер айуандықпен өлтіріп, екі қолы мен басын кесіп алған болатын. Содан батырдың басы Петербордағы музейде сақталып, Қазақстанға қайтарылмай келді. Бірақ, Астана мен Мәскеу арасындағы ұзақ келіссөздерден кейін әйгілі қолбасшының сүйегі түнде Елордаға жеткізілді. Біздің мақсатымыз - батырымызды дәріптеу, еңбегін елеу, азаматтығын марапаттау, ерлік ісін келешек ұрпаққа насихаттау. Патриоттық тәрбие деген осы. Өзімізді өзіміз зерделеп, зерттеп, жақсылығымызды көрсете алмасақ, уақыт өте келе талай тарихи тұлғалардың жоғалатыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап.-Алматы: Қазақстан, 1994.-192 б.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.3-том.-Алматы: «Атамұра», 2002. -768 б.